

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 271 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 – баптарына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына Бейнеу ауданының босалқы жерінен ШТИ-002, КУ-473 электрмен жабдықтау желісін салу үшін алаңы 0,1407 гектар жер учаскесіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыны ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Б. Әбілов